

**«Театрлар мен мұражайлар қызметінің өзекті мәселелері»  
тақырыбында 2014 жылғы 22 қыркүйекте өткен Үкімет сағатының  
нәтижелері бойынша  
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі А. Мұхамедіұлының «Театрлар мен мұражайлар қызметінің өзекті мәселелері» жөніндегі баяндамасын тыңдап, талқылай келе, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі **ҰСЫНАДЫ:**

**Қазақстан Республикасының Үкіметі:**

1. Қазақстан Республикасында мәдениет және өнер саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасын әзірлесін. Қазақстан Республикасындағы мәдени саясат тұжырымдамасы жобасының театрлар мен мұражайлардың қызметі туралы бөлімін кеңейтсін.

2. Театр өнері мен мұражай ісін дамыту тұрғысынан мәдениет саласындағы нормативтік құқықтық базаға жүйелі талдау жүргізісін, оны жетілдіру және жаңғырту шараларын қабылдасын.

3. Халықаралық тәжірибе негізінде республикалық, облыстық және аудандық деңгейдегі театрлар мен мұражайлардың қызметін бюджеттеу жөніндегі қаржылық қатынастар (кірістер мен шығыстарды, қаржыландыру көздерін, ынталандыру, ресурстармен қамтамасыз ету және еңбек қатынастары тетіктерін жоспарлау мен қалыптастыру) моделін әзірлесін.

4. 2015 – 2017 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде мұражайлар мен театрлардың қызметкерлері үшін оқу ұйымдастыруға, біліктілігін арттыруға, тәжірибе алмасуға, шетелде тағылымдамалар және біліктілігін арттыру курстарын өткізуге қаражат ұлғайтуды көздерісін.

5. Театрлар мен мұражайлардың және басқа да мәдениет объектілерінің қалыптасқан инфрақұрылымын ескере отырып, мәдени кластерлерді қамтамасыз ету тұжырымдамасын пысықтасын.

6. Мәдениет саласында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту шараларын қабылдасын.

7. Облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана), аудандық (облыстық маңызы бар қалалар), ауылдық деңгейдегі мәдениет желілерінің ең төменгі мемлекеттік нормативтерін бекіту жөніндегі Үкімет қаулысының қабылдануын жеделдетсін.

8. Ел мұражайларының қазіргі заманғы экспозиция талаптары мен стандарттарына сәйкестігіне мониторинг жүргізісін.

9. Саланың жүйелі проблемаларына мониторинг және талдау жүргізілгенге дейін мәдениет объектілерін жекешелендіру процесін тоқтата тұрсын.

10. Бұрын заңсыз жекешелендірілген және мақсаты бойынша пайдаланылмай отырған мәдениет үйлерін мемлекет меншігіне қайтару шараларын қабылдасын.

11. Мәдениет қайраткерлері мен мекемелерін моральдық ынталандыруға (атақтар, наградалар) жаңа тәсілдерді қалыптастыру мәселелерін пысықтасын.

### **Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі:**

1. Театр өнері мен мұражай ісі саласын дамыту, театр және мұражай ұйымдарының қызметін үйлестіру мақсатында Министрлік жанынан театр өнері, мұражай ісі жөніндегі көркемдік кеңестерді құрсын, оларға танымал мәдениет және өнер, ғылым қайраткерлерін, сарапшылар қоғамдастығы мен шығармашылық одақтардың өкілдерін енгізісін.

2. Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының қызметін жаңғырту, оның жұмысының тиімділігін арттыру шараларын қабылдасын.

3. Театрлар мен мұражайлардың техникалық-өндірістік және материалдық ресурстарына, оларды қамтамасыз ету деңгейіне мониторинг жүргізісін.

4. «300 орындық ауылдық мәдениет үйі» жобасын жедел іске асыруды қамтамасыз етсін.

5. Тапшы мамандықтардың тізбесін айқындай отырып, театр және мұражай қызметі саласындағы мамандарға мониторинг жүргізісін.

6. Ресей Федерациясының, Өзбекстанның, Қырғызстанның шекара маңы аудандарында этникалық қазақтар жинақы тұратын жерлерде жиналған ғылыми материалдарды одан әрі ғылыми айналымға енгізу және мемлекетаралық мәдени бағдарламалар мен акциялар әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының аумағына кедергісіз алып өту құқығы бар бірлескен ғылыми экспедициялар ұйымдастыруды пысықтасын.

7. Мәдениет мекемелері қызметкерлерінің барлық санаттарын материалдық ынталандыру бойынша жаңа тәсілдерді пысықтасын. Шығармашылық, зияткерлік еңбек ерекшеліктерін ескере отырып, театр қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына салаішілік ынталандыру үстемеақылары, оның ішінде балалар аудиторларымен жұмысы үшін үстемеақылар жүйесін енгізе отырып, шығармашылық қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуді өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізісін.

8. Ел театрларының қызметін жүйелі негізде одан әрі дамытуды қамтамасыз етсін, оның ішінде:

1) жұмыс істеп тұрған театрлардың қызметіне бағалау жүргізісін, олардың репертуарлық саясатын талдасын және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізісін;

2) қазіргі заманғы драмалық репертуарға тұрақты түрде мониторинг жүргізісін, қоғам үшін өзекті тақырыптар жөніндегі қазіргі авторлардың пьесаларын жариялайтын мамандандырылған мерзімді басылымдар шығаруды қамтамасыз етсін;

3) елдегі театр сыны институтын дамыту бойынша ұсыныстар дайындасын;

4) жаңа сахналық технологиялар әзірлесін және енгізісін, шығармалар мен авторлар, режиссерлар мен актерлер бойынша деректер банкін құрсын; әлемдік театр өнеріндегі жаңа бағыттарды зерттесін және оларды ел театрларына енгізу тетіктерін әзірлесін;

5) мемлекеттік емес театрларды, театр ісі ұйымдарының түрлі нысандары мен моделдерін, шығармашылық бастамаларды қолдау шараларын қабылдасын;

6) қаржыландыру көздерін іздестіріп, ел бойынша және шет елдерге жыл сайынғы бірыңғай гастрольдік картаны әзірлесін;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына балет әртістері мен үрмелі аспаптармен жұмыс істейтін музыканттардың зейнеткерлік жасын төмендету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін пысықтасын;

8) елде кәсіби реставрациялық қызметті ұйымдастыру шараларын қабылдасын және реставраторлар үшін оқу базасын құру мәселесін шешсін.

9. Ел мұражайларының қызметіне байланысты проблемаларды шешу жөніндегі жүйелі жұмысты қамтамасыз етсін, оның ішінде:

1) ұлттық мұражай қоры дерекқорының және мұражайлардың мәдени құндылықтарды электрондық есепке алуға көшуінің интеграциялық жүйесін жасасын және енгізісін;

2) мәдени туризмнің халықаралық орталықтарын дамыту мақсатында республикалық қорық-мұражайларда қазіргі заманғы визит-орталықтар салу мәселесін пысықтасын;

3) қорғандар мен қалашықтарды консервациялау және мұражайға айналдыру мәселелері бойынша кешенді ұсыныстар дайындасын;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы базасында ғылыми-зерттеу, ағарту, экспозициялық жұмыс, мұражай қызметкерлері үшін тоқсан сайын семинарлар, шебер-кластар өткізу әдістемесін әзірлеу бойынша мамандандырылған орталықтар құру мүмкіндігін қарасын;

5) мұражай құндылықтарын есепке алу және сақтау, қор және экспозициялық жұмыс, халықтан экспонаттар сатып алу бойынша археологиялық қазба материалдарының облыстық мұражайларға түсуін қамтамасыз ететін нұсқаулық материалдар әзірлесін;

6) жүйелі көрме қызметін тиімді жүзеге асыру үшін қазақстандық мұражайлар арасындағы шығармашылық және өндірістік байланыстарды дамытсын, облыстық, аудандық мұражайлардың қызметкерлері үшін республиканың жетекші мұражайларында тағылымдама ұйымдастырсын;

7) мұражайлардың ғылыми-зерттеу қызметін жандандырсын, шетелдік мұражайлармен, ғылыми-зерттеу және мәдени мекемелермен мәдени және ғылыми ынтымақтастықты дамытсын;

8) халықтан және заңды тұлғалардан тарихи құндылықтарды өтеусіз немесе ақылы негізде қабылдау бойынша республикалық деңгейде акция өткізсін.

10. Театр ұйымына жұмысқа орналасатын жас маманның жұмыспен өтеу мерзімін еңбек шартында бекіту арқылы «көтермелеу» қаражатын бөлу мәселесін пысықтай отырып, шығармашылық жоғары оқу орындарында бюджет қаражаты есебінен оқитын жас мамандарды бөлу және бекіту мүмкіндігін қарасын.

11. Ұлттық экономика министрлігімен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, мемлекеттік өңірлік театрларға қызметтік тұрғын үйдің қажеттілігін және оны бөлу не бюджет есебінен сатып алуға қаражат бөлу мүмкіндігін зерделеу жөніндегі мәселені пысықтасын.

12. Мәдениет ұйымдарының бюджеттен тыс кірісін қамтамасыз ету үшін мәдениет ұйымдарына бекітілген мүлікті жалға беруден алатын кірісін өздеріне қалдыру бөлігінде нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізсін.

13. Мәдениет ұйымдарының коммерциялық кіріс көздерін қалыптастыруы бойынша ұсыныстарды пысықтасын.

14. Мәдениет саласындағы қайырымдылық пен демеушілікті дамыту бойынша құқықтық және экономикалық жағдайды қалыптастыру шараларын қабылдасын.

### **Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:**

1. Мұражай саласы үшін білікті кадрлар даярлау жұмысын жандандырсын. «Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығын, сондай-ақ Қазақ ұлттық өнер университеті базасында бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша мамандар даярлау мақсатында кафедра ашу мәселесін пысықтасын.

2. Заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық мұражайлар мен қорық-мұражайлардың ғылыми аккредиттеуден өтуіне жәрдем көрсетсін.

### **Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:**

1. Өңірлік мұражайлардың материалдық-техникалық базасын жаңғырту және қор сақтау қоймаларын жаңғыртуға, экспозицияларды жаңартуға және экспонаттар сатып алуға қаражат бөлу шараларын қабылдасын.

2. Театрлар мен филармониялардың материалдық-техникалық базасын жаңғырту шараларын қабылдасын.

3. Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп, жергілікті атқарушы органдардың еңбекақы төлеуді және мәдениет саласын бюджеттік қаржыландыруды ынталандыру жөніндегі құзыреттерін кеңейту жөнінде ұсыныстар әзірлесін.